

Мектеп тарихы

Қаракөл елді мекені Сарбие ауылдық округіне қарайды. Ауылдық округтен 18 шақырымда орналасқан. Қаракөл ауылы алғашында Жетікөл, кейін Жекенді кеңшарына қараған, кезінде сол аталған кеңшарлардың бөлімшелері болған. Ауылдың іргесінде малға, адамға да қолайлы Шоңқайлы көлі құсқа, балыққа бай үлкен су болған. Ауыл іргесінен ауыл тұрғындары балық аулап, суға түскен. 1994 жылдан бері көлде су құрғап, қазір жойылып кеткен. Қаракөл бөлімшесінде бастауыш мектеп 1957 жылдардан бастап құрылған. Мектептің алғашқы ұстаздары Зейнеп Мұхамедиярова



1957-1960 жылдары, Әубәкір Әбішов 1960-1970

жылдары болған. Көп жағдайларда естелік суреттер болмағанмен, ауылда мектеп, кітапхана, дәрігерлік пункттер жұмыс жасаған. Кітапханада Жонысова Нағима апай жұмыс жасаған, қазіргі таңда зейнеткер. 1983-1986 жылдары мектепте бастауыш сынып мұғалімі жоғары санатты, тәжірибелі зейнеткер




ұстаз Имағамбетова Күлан Имахұнқызы еңбек еткен.

1987-1988 жылдары бастауыш сыныптарға сабақ берген Қошқарова Қамажай түскен суреттер. Жұмашқызы мен Абылаева Лида Абылайқызымен



1988-19

90 жылдар арасында Шаргезова Гүлайым, Сисенова Райхан, Сапарова Гүлмира жас мамандар еңбек жолын Қаракөл ауылының білім ордасынан



бастаған.

Қаракөл

бастауыш мектебінен жанынан бала-бақша ашылып, 1995 жылдары тоқырау кезеңінде жабылған. Ойыл ауданының әкімі Ғ.Займолдинмен сол кездегі аудандық білім бөлімінің меңгерушісі Қанзира Қадырованың бастамасымен 2000-2001 оқу жылында бастауыш мектеп Қаракөл негізгі мектебі болып ашылды. 55 оқушыға арналған мектептің алғашқы директоры Қилашова Зәмзәгүл болды. 2002-2006 жылдары мектепті Көпбаева Талшын Мырзаханқызы басқарды. 2006-2016 жылдар аралығында мектепте оқушы саны 45 оқушы білім алды. Мектепті жоғары санатты тарих пәнінің мұғалімі



Бюрина Ақсұлу Хайроллақызы басқарды.

Мектептегі

жан-жақтан еңбек етуге келген жас мамандар өздерінің білімдерін, балаға деген мейірім сүйіспеншіліктерімен бар қабілеттерімен жұмыс жасай білді. Нәтиже соңында оқушылар негізгі мектепті бітіріп, әртүрлі мамандық

иелері болды. 2006 жылы негізгі мектепті «Үздік куәлікпен» Аманғос Айгөлек Амандыққызы аяқтады. Облыстық, республикалық жарыстар мен олимпиадалардың жеңімпаздары, жүлдегерлері атану шағын жинақталған мектеп үшін зор абырой, мақтаныш еді. 2016-2017 оқу жылдары бала санының аздығына байланысты, аудан әкімінің шешімімен Қаракөл бастауыш мектебі болып қайта ұйымдастырылды.



Қаракөл

ауылында қазіргі таңда 14 үй тұрады. Тұрғындардың мал өсіріп, шөбін шабуға бау-бақша егуге өте қолайлы жер. Ауылдық білім беру ұйымы талапқа сай жұмыс істеуде. Елді мекенде селолық кітапхана және дәрігерлік пункт жұмыс жасайды.